

Хаттама № 1

Қарасу мемлекеттік тілде оқытатын жалпы білім беретін мектебінің әдістемелік кеңесі

Катысқаны: 5

Күні: 05.09.2022 жыл

Күн тәртібі:

1. Откен оку жылындағы әдістемелік жұмыстарға талдау қорытынды. Алдағы оку жылындағы жасалатын жұмыстарды анықтау, ӘБ жоспарларын бекітуге ұсыну
2. Бастапқы бақылау өткізу үшін материал дайындау (2-11 сынып)
3. Оқушыларды ғылыми жоба қорғау конкурсына қатысуға дайындау.
4. Дарынды балалар дерекқорларын дайындау.
5. БЖБ өткізу.
6. Сабакта өзіндік жұмысты ұйымдастыру кезінде сараланған тәсілді қолдану, оку үлгірімі төмен оқушыға шамасы жететін жеке тапсырмаларды қосу, мұны сабак жоспарына тіркеу.
7. Мектепалды сыныптағы тәрбиеленушілердің мектепке психологиялық-педагогикалық дайындығын бағалау және бақылау.
8. Мұғалімдерге курстық даярлауды ұйымдастыру.
9. Жас мамандардың сабагына қатысу.

Тындалды:

Бірінші сұрақ бойынша ДОІЖО К.Самартаева сөз сөйлемді. Откен оку жылы бойынша әдістемелік бірлестіктер нәтижелі жұмыс істегенін атап өтті. Биылғы оку жылында әдістемелік бірлестік жетекшілері қайта құрылып бекітіледі.

Шешімі: ӘБ жетекшілері бекітіліп, жылдық жұмыс жоспарлары бекітілсін.

Екінші сұрақ бойынша 2-11-сыныптар арасында откен оку жылы бойынша бастапқы бақылау жұмыстарын алу үшін тапсырмаларын дайындау туралы сөз сөйлемді. Әр пән бойынша мұғалім тапсырмаларды құрастырып, қыркүйек айында оқушылардан алып, нәтижесін тапсыру айттылды.

Шешімі: Әр пән мұғалімі тапсырмалар дайындалп, талдауын жазып тапсырсын.

Үшінші сұрақ бойынша 1-11 сынып арасында әр пән мұғалімі кем дегенде 1 оқушыны ғылыми жобаға дайындалп қатыстыру туралы айттылды.

Шешімі: ӘБ жетекшілері пән мұғалімдеріне ғылыми жобаға қатысатын оқушылардың тізімі анықталсын.

Төртінші сұрақ бойынша әдістемелік бірлестік жетекшілері бағыттары бойынша дарынды балаларды анықтап тізімін жасау туралы айтты. Қосымша жұмыстар атқару жайлы сөз қозғады.

Шешімі: Дарынды балалардың тізімі жасалынсын.

Бесінші сұрақ бойынша қыркүйек айында өткізілетін БЖБ жұмыстарын қарau, талдауын тексеру керектігін айтты.

Шешімі: Пән мұғалімдерінің БЖБ талдауы тексерілсін.

Алтыншы сұрақ бойынша ДОІЖО К.Самартаева сабакта өзіндік жұмысты ұйымдастыру кезінде сараланған тәсілді қолдану, оку үлгірімі төмен оқушыға шамасы жететін жеке тапсырмаларды қосу, мұны сабак жоспарына тірке туралы айтты.

Шешімі: ӘБ жетекшілерімен бірге сабактарға қатыссын.

Жетінші сұрақ бойынша мектепалды сыныбының тәрбиешісі Н.Ж.Токубаева балалардың бойындағы оқушы болу ықыласын, маңызды әрекеттерді орындауын, оқуды бала ерік-жігер қасиетінің дамуының жеткілікті дәрежесін, кейбір арнайы білімдер мен дағдыларды игеруді және оқып, жаза білуін, санауды, математикалық есептерді шығаруды, баланың таным әрекеттерінің және танымдық

қызығушылығының даму дәрежесін, сонымен бірге ойлау қабілеттері, мектептегі оқуға ұсынылған жоғарғы талаптарға сай болуын, сөйлеудің дамуын, айналасындағыларға байланыстырып, жүйелендіріп және түсінікті етіп, заттарды, суреттерді, оқиғаларды және т.б. игеріп алу ептілігін, баланың жалпы әрекетке кірісуін, сынып ұжымына үйренуін және сыныпта өз орнын таба алатын баланың жеке басының қасиеттерін жүріс-тұрысының әлеуметтік мотивтерін, жүріс-тұрысын игеру ережелерін бақылауға алу туралы айтты.

Шешімі: аталған талаптарға сәйкес жұмыстар жалғастырылсын.

Сегізінші сұрақ бойынша мұғалімдерді біліктілік арттыру курсары бойынша ДОІЖО К.Самартаева сөз сөйледі. Қазіргі таңда 3 жыл сайын мұғалімдер біліктілікті арттыру курсарынан өту керектігін айтты. Және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартқа сәйкес мұғалімдер ерекше білім беруді қажет ететін окушылармен жұмыс бойынша курсынан өту керектігін де атап өтті.

Шешімі: Жаңадан келген мұғалімдер инклузивті білім беру курсынан өтсін. Соңғы 3 жылда курсқа бармаған мұғалімдер курсқа жіберілсін.

Тоғызыншы мәселе бойынша жас мамандардың сабағына әдістемелік бірлестік жетекшілері сабактарына қатысып, тәжірибе алмассын.

Шешімі: Жаңадан келген мұғалімдердің сабағына тәжірибелі мұғалімдер катыстырылсын.

ӘК тәрайымы:
Хатшы:

Сандар
Серікбаева

К.Самартаева
А.Серикбаева

Хаттама № 2

Қарасу мемлекеттік тілде оқытатын жалпы білім беретін мектебінің
әдістемелік кеңесі

Катысқаны: 5

Күні: 08.11.2022 жыл

Күн тәртібі:

1. Жоғары нәтижеге ынталы оқушылармен жұмысты бақылау.
2. Пән олимпиадасының аудандық кезеңіне дайындық және қатысу,
3. Бастауыш сынып ӘБ онкүндігі.
4. Мектепалды сыныбындағы тәрбие жұмысының негізгі бағыттары

Тыңдалды:

Бірінші сұрақ бойынша ДОІЖО К.Самартаева сөз сөйлемді. Әр әдістемелік бірлестік жетекшілері пән бойынша жоғары нәтижеге жетуге ынталы оқушылармен жұмыс жасау керектігін айтты.

Шешімі: Әр пән бойынша оқушыларды анықтап, қосымша жұмыстар жасалынын.

Екінші сұрақ бойынша аудандық пәндік олимпиаданың мектепішілік кезеңін өткізіп, аудандық кезеңге оқушыларды дайындау, 9-11-сынып оқушыларының барлығы таңдау пәндері бойынша мектепішілік олимпиадаға қатысу керектігін айтты.

Шешімі: Мектепішілік пәндік олимпиада өткізіліп, нәтижесі бойынша аудандық кезеңге оқушылар дайындалсын.

Үшінші сұрақ бойынша бастауыш әдістемелік бірлестік жетекшісі Г.Болатбаева сөз сөйлемді. Бұл онкүндікке мектепалды сыныбының тәрбиешісі де кірістіріліп, іс-шаралар өткіzetінін айтты. Бастауыш сыныптар өткіzetін онкүндіктің жоспарымен таныстырыды.

Шешімі: Жоспарланған іс-шаралар жоспарға сәйкес уақытында өткізілсін. Жоспары бекітілсін.

Төртінші сұрақ бойынша ДТІЖО К.Т.Токубаева сөз сөйлемді. Бағдарламаның мазмұнын іске асыру – белгілі бір мақсатқа бағытталған, бір-бірімен тығыз байланысты бес дағдыны қалыптыстыру болып табылады. стандартқа сәйкес балалардың мәдени дағдылары, білімділігі, тұлғаның әлеуметтік қасиеттерінің әмбаптық және бірлесіп жұмыс жасау, қоршаған ортаға қамқорлық, бәсекелестік және ынталылық, дербестік пен тәуелсіздік, әлеуметтік ортаға бейімделушілік, ашықтық, икемділік сияқты мінезд-құлық негіздерінің қалыптасуына ерекше көніл бөліп және оны диагностикалау әдістемелерін жүзеге асыру қажеттілігін айтты.

Шешімі: Мектепалды сыныбының тәрбиешісі бағдарлама мазмұнын іске асыруда стандартқа сәйкес бес негізгі дағдыны дамытуға бағытталған жұмыстарды жалғастырысын.

ӘК төрайымы:
Хатшы:

Салын
Серіф

К.Самартаева
А.Серикбаева

Хаттама № 3

Қарасу мемлекеттік тілде оқытатын жалпы білім беретін мектебінің
әдістемелік кеңесі

Катысқаны: 5

Күні: 06.12.2022 жыл

Күн тәртібі:

1. Ғылыми жобаларын қорғаудың қалалық кезеңі конкурсына катысу.
2. 9-11-сынып оқушылары арасындағы пән олимпиадаларының аудандық кезеңіне катысу.
3. Жазбаша ТЖБ бар пәндер бойынша модерация жүргізілуін бақылау.
4. Желтоқсан айындағы мектепалды сыныбы тәрбиеленушілерінің даму деңгейі, сабактардың жүйелі жүргізілуі мен тақырыптық апталықтардың тиімділігі

Тыңдалды:

Бірінші сұрақ бойынша ДОІЖО К.Самартаева сөз сөйлемді. Өзгерістерге байланысты ғылыми жобалардың уақыты анықталмағанын айтты. Дегенмен, оқушыларды ғылыми жұмыстарға дайындық жұмыстары жүргізу керектігін айтты

Шешімі: Пән мұғалімдері оқушыларымен бірге ғылыми жобаға қатыссын.

Екінші сұрақ бойынша 9-11-сынып оқушылары арасында болатын аудандық пәндік олимпиаданың кейінгіге шегергені туралы ДОІЖО К.Самартаева айтты. Еліміздегі төтенше жағдайға байланысты қаңтар айында болатынын ескертті.

Шешімі: Аудандық кезеңге қатысатын оқушылардың дайындығы жалғастырылсын.

Үшінші сұрақ бойынша әдістемелік бірлестік жетекшілерімен бірлесе отырып, сыныптардағы өткізілетін пәндердің модерация хаттамалары тексерілді..

Шешімі: Модерация хаттамалары талапқа сәйкес жүргізілсін.

Төртінші сұрақ бойынша мектепалды сыныбының тәрбиешісі Н.Ж.Токубаева желтоқсан айында ұйымдастырылған сабактар мен апталықтар («Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл» мерекесі, «Қыс кереметі» тақырыбында) тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ауызша сөйлеу дағдыларын жетілдіруге, патриоттық тәрбиеге бағытталғандығын атап өтті. Балалар іс-әрекетке белсене қатысып, тақырыптық тапсырмаларды орындауда қызығушылық танытты. Қымылды ойындар мен әңгімеледе, сұрақ-жауап әдістері тиімді қолданды.

Шешімі: Тақырыптық апталықтардың мазмұнын байту арқылы балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасалсын. Тәрбиеленушілердің сөйлеу, ойлау, байланыстырып айту дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар саны арттырылсын.

ӘК төрайымы:
Хатшы:

Салым
Арғын

К.Самартаева
А.Серікбаева

Хаттама № 4

Ы.Алтынсарин атындағы мемлекеттік тілде оқытатын жалпы білім беретін мектебінің әдістемелік кеңесі

Катысқаны: 5

Күні: 09.02.2023 жыл

Күн тәртібі:

- Шетел тілі оқытуда 8-9-сынып, 10-11-сынып оқушыларының сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында тиімді әдістер мен жаттығуларды пайдалану.
- 8-11-сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті сабактарында интербелсенді әдістерді пайдалану.
- 8-11-сыныптардағы дене шынықтыру пәнінің берілу жағдайы.
- 8-11-сыныптарда физика пәнінің оқытылу жағдайын зерделеу.
- Мектепалды сыныбы тәрбиеленушілерінің тіл дамыту жұмыстары туралы

Тындалды:

Бірінші сұрақ бойынша шетел тілі пәні мұғалімі А.Едігенова сөз сөйледі. Шетел тілі оқытуда 8-9-сынып, 10-11-сынып оқушыларының сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында тиімді әдістер мен жаттығуларды пайдалану туралы ақпаратпен таныстырыды (есебі бар).

Шешімі: Шетел тілі пәнінде тиімді әдістер мен жаттығуларды пайдалану жалғастырылсын.

Екінші сұрақ бойынша ҚГБ ӘБ жетекшісі А.Едігенова сөз сөйледі. 8-11-сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті сабактарында интербелсенді әдістерді пайдалану туралы айтты. Сабактарға кіріп, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімімен жұмыс жасап, келесідей әдістер қолданылатыны туралы хабарлады (есебі бар).

Шешімі: Орыс тілі мен әдебиеті пәнінде интербелсенді әдістерді пайдалану қарастырылсын.

Үшінші сұрақ бойынша ЖМБ ӘБ жетекшісі Ә.Қайбулда тоқталды. 8-11-сыныптардағы дене шынықтыру пәнінің берілу жағдайы туралы айтты. Оқушылардың барлығы сабакта белсенділік танытқандығын да хабарлады.

Шешімі: Дене шынықтыру пәні бойынша сабакты зерттеу наурыз айынан басталсын.

Төртінші сұрақ бойынша ДОІЖО К.Самартаева сөз сөйледі. 8-11-сыныптарда физика пәнінің оқытылу жағдайы зерттелді. Физика пәнінде қай сыныпта қаншалықты деңгейде сабакқа қатысып, сабакта жауап беретіні зерттелді. Пән мұғалімінің өзіндік жұмыс жасайтын әдістері туралы да айтылды. Оқушылардың тоқсандық бағалары салыстырылып, есеп жазылды (есебі бар).

Шешімі: Физика пәнінің оқытылу жағдайын зерделеу ары қарай жалғастырылсын.

Бесінші сұрақ бойынша мектепалды сыныбының тәрбиешісі Н.Ж.Токубаева балалардың сөйлеу мәдениеті мен сөздік қорының дамуында оң өзгерістер бар. Дегенмен кейбір балаларда дыбысты дұрыс айта алмау, сейлем құрауда қиналушылық байқалатыны туралы айтты.

Шешімі: Логопедпен жұмыстар жалғастырылсын.

ӘК төрайымы:

Хатшы:

*Салыф
Серікбаева*

К.Самартаева

А.Серикбаева

Хаттама № 5

Ы.Алтынсарин атындағы мемлекеттік тілде оқытатын жалпы білім беретін мектебінің әдістемелік кеңесі

Катысқаны: 5

Күні: 30.05.2023 жыл

Күн тәртібі:

1. Жылдық жоспар бойынша атқарылған жұмыстың орындалуы (мектепалды сыныбы, бастауыш, негізгі, орта буын).
2. ӘБЖ жылдық есептері.
3. Мұғалімдердің оқу-тәрбие бойынша іс-әрекетін бағалау талдау.
4. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру жұмысының нәтижесі.
5. Басқа да сұрақтар

Тындалды:

Жылдық жоспар бойынша атқарылған жұмыстың орындалуы туралы ДОІЖО К.Самартаева сөз сөйлемді. 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша мектепке әдістемелік бірлестік жетекшілері онқұндікті үйымдастырды, мектепке жас маман байқауы үйымдастырылды. 2022–2023 оқу жылының ағымдағы кезеңінде жылдық жоспар негізінде барлық буын бойынша оқу-тәрбие жұмыстары жүйелі жүргізілді.

- Мектепалды сыныбында балалардың мектепке психологиялық дайындығы, танымдық қызығушылығы мен сөйлеу дағдысын дамыту бағытындағы жұмыстар жоспарға сай орындалды.
- Бастауыш буында пәндер бойынша білім сапасы тұрақты, окушылардың пәнге қызығушылығы, сөйлеу мәдениеті мен логикалық ойлау қабілеті қалыптасып келеді.
- Негізгі және орта буында оқу жүктемесі мен бағалау жүйесі жаңартылған бағдарламаларға сай жүргізілуде. Қыын окушылармен жеке жұмыс, үйірме жұмыстары және элективті курстар да жоспарда қарастырылған.

Шешімі:

1. Жылдық жоспардың келесі тоқсандағы кезеңін де уақытылы және сапалы орындау үшін педагогтар арасында нақты үйлестіру жұмысы жалғастырылсын.
2. Әр буын бойынша білім сапасын арттыруда саралап, даралап оқыту әдістері тиімді қолданылсын.
3. Мектепішілік бақылау және диагностика нәтижелері талданып, педагогикалық түзету жұмыстары жүргізілсін.

Екінші сұрақ бойынша әдістемелік бірлестіктің жеткішілері 2022-2023 оқу жылының жылдық есебін тапсырды. Жылдық есеп бойынша барлығы қанағаттанарлық деңгейде өтіп жатыр.

Шешімі: Әдістемелік бірлестік жоспарына келесі жылы білім олқылықтарын жою және сабакқа қатысу кестесіне өзгерістер енгізілсін.

Үшінші сұрақ бойынша мұғалімдердің оқу-тәрбие бойынша іс-әрекеттері көнілге толымсыз болды. Конкурстарға қатысу жеткіліксіз, ашық сабактардың аз берілуі болды.

Шешімі: Аудандық, облыстық, республикалық жарыстарға қатысу белсенділігін арттырмын.

Төртінші сұрақ бойынша 2022-2023 оқу жылында мұғалімдер біліктілік санатын арттыру үшін өтініш беретінін айтты.

Шешімі: Біліктілік санатын арттыратын мұғалімдер курстан 3 жылда 1 рет өтсін.

Бесінші сұрақ бойынша 2022-2023 оқу жылы 4,9-сынып оқушылары ББЖМ тапсырды. Мектеп бойынша 4-сынып оқушыларының орташа баллы 17,75, сапасы-59%, 9-сынып оқушыларының орташа баллы 37,6, спасы – 50%.

Шешімі: Келесі оқу жылында 4,9-сыныпты қыркүйек айынан бастап дайындық

жұмыстары күшейтілсін.

James W. Clegg

ЭК төраймы: Алмазов
Салтанат К.Са

ӘК төрайымы:

Хатшы:

Carey
Sept 11

К.Самартаева

А.Серикбаева